

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
Эпидемиология және коммуналды гигиена кафедрасы

Тақырыбы: Эпидемиялық процесс

Орындаған: Санай А.
Тексерген: Оралова А.О.

Қарағанды 2016

- Эпидемиялық процесс туралы ілімнің негізін қалаушы Л.В. Громашевский, ол бірінші болып эпидемиологияның негізгі заңдарын жеке зерттеп құрастырды, жұқпаның берілу механизмінің теориясын және эпидемиялық процестің қозғаушы күштерін анықтады.

- 1. Л.В. Громашевский (1942) – Эпидемиялық процесс – бұл тізбекті заңдылықтармен бірінен соң бірі пайда болатын жұқпалық жағдайлар.
- 2. И.И. Елкин (1962) – Эпидемиялық процесс - бұл бір бірінен және біріншісінен келесісі пайда болатын эпидемиялық ошақтар.

- 3. В.Д. Беляков бойынша (1983)
- Эпидемиялық процесс – бұл белгілі бір әлеуметтік және табиғи жағдайларда, адамдарда манифесті және симптомсыз формада жұқпалы аурулардың байқалуы, гетерогенді паразит популяция мен гетерогенді иесі популяциясы өзара байланысу (әсерлесу) процесі.

$$\text{ЭП} = \text{П.П.} + \text{Иесі П.}$$

Эпидемиялық процесс туралы ілім өзара байланысқан 3 тараудан тұрады:

- Эпидемиялық процестің факторлары. Факторлары ЭП неліктен пайда болады деген сұраққа жауап береді.
- Эпидемиялық процестің даму механизмі. ЭП қалай дамиды?
- Эпидемиялық процестің байқалуы (білінуі). ЭП қалай байқалады, қалай көрінеді және оның белгілері қандай?

Эпидемиялық процестің факторлары.

- **Биологиялық фактор.**
- **Әлеуметтік фактор.**
- **Табиғи фактор**

Эпидемиялық процестің даму механизмі.

- Л.В. Громашевскийдің (1947ж.) берілу механизм қағидасы.
- Е.Н. Павловскийдің (1939ж.) табиғи-ошақтық қағидасы.
- В.Д. Беляковтың (1983ж.) паразитарлық жүйенің өз бетінше реттелу қағидасы.



Эпидемиялық процестің байқалуы (білінуі).

- деңгейі бойынша
- аумақ (территория) бойынша
- уақыт бойынша
- әр түрлі тұрғындардың топтары бойынша

- Биологиялық факторға жатады: гетерогенді паразит популяциясы мен гетерогенді иесі популяциясы. Осы популяциялардын ішкі қасиеттері ЭП биологиялық факторын анықтайды.
- **Биологиялық фактор** – бұл эпидемиялық процестің даму себебі.
- Паразитизм – бұл түрлік қасиет.

Паразиттерді келесі категорияға бөлуге болады:

- Облигатты – тек тірі организмдер есебінен өмір сүреді, ал басқа жағдайларда тіршілігін жояды. Олар тек организм иесімен байланысты болады және олардың сыртқы ортада өмір сүруі мүмкін емес.;
- Факультативті – тірі организмдер есебінен де, өлі заттармен де қоректенеді (ботулизм, сіріспе);
- Кездейсоқ – олар үшін сыртқы орта (топырақ, су, өсімдіктер және басқа да органикалық субстраттар) әдеттегі өмір сүру ортасы болып саналады.

Қоздырғыштар мен иелері популяциясы гетерогенді, және өзгеріп отырады. Олар генотипті және фенотипті әр түрлі түрден тұрады.

Әлеуметтік фактор – бұл адамдардың өндірістік немесе тұрмыстық жағдайда өзара қатынасуы, қоздырғыштар паразитизміне мүмкіндік береді немесе бөгет болады (адамдардың шоғырлануы дәрежесі, тұрмыстық және еңбек етудің санитарлық-гигиеналық жағдайлары, санитарлық мәдениеті, денсаулық сақтау жүйесінің жағдайы); эпидемиялық процестің даму мүмкіндігі мен ауқымын анықтайды және паразит эволюциясына ықпал тигізеді.

Әлеуметтік факторларға жатады:

- Халықтың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайы.
- Елді мекеннің орналасу жағдайы, сапалы сумен қамтамасыз етілуі.
- Тұрғындардың тамақтану ерекшелігі.
- Денсаулық сақтау мекемелерінің жабдықталуы, дәрігерлік көмек көрсету деңгейі (қаржыландыру, материалдық-техникалық базасы, зертханалық қызмет, дезинфекциялық қызмет, вакцина егумен қамтамасыз ету).
- Тұрғындардың санитарлық салауаттылығы.

Табиғи факторлар – бұл климат пен ландшафт жағдайы. Әлеуметтік себебімен қатар, эпидемиялық процестің дамуына ықпал етеді немесе бөгет болады. Табиғи-ошақтық аурулармен кейбір трансмиссивтік, антропонозды аурулар кезінде үлкен мағынасы бар.

- Жыл мезгілі, маусым.
- Климат, ауа-райы.
- Жағрапиялық орналасуы.
- Жауын-шашын.

Л.В.Громашевский - эпидемиялық процестің болуы және үзілмеуі үшін оның міндетті 3 элементі звеносының (міндетті буын) өзара әрекеті қажет:

- инфекция қоздырғышының көзі;
- қоздырғыштың берілу механизмі;
- қабылдағыш организм.

- Организмнің қабылдаушылық қабілеті болса, қоздырғыш жұғады және ауру пайда болады, қабылдаушылық қабілеті болмаса жұқпалы ауру пайда болмайды.
- 3 міндетті буын бірге болғанда ғана эпидемиялық процесс пайда болады, жалғасады, егер олардың өзара әрекеті, байланысы үзілсе, эпидемиялық процесс те жалғасын таппай тоқтап қалады.

Эпидемиялық процестің 1 звеносы (буыны) - бұл инфекция көзі - микроорганизмдердің табиғи тіршілік ететін ортасы, олардың қоректенуі мен көбеюі және бөлініп шығып, айналасындағыларды зақымдауы.

- антропоноздарда инфекция көзі ауру адам;
- зооноздарда - ауру жануарлар;
- сапроноздарда - абиотикалық сыртқы орта объектілері (су, топырақ, ауа т.б.).

Науқас	Бактериотасымалдаушылық
<p>Ауру формасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - манифесті (жедел, созылмалы) - симптомсыз - атипті - абортивті 	<p>Қоздырғыш иесі ағзасында орналасқан, бірақ клиникалық симптомдар байқалмайды</p> <p>а) реконвалесцентті (жедел, созылмалы)</p> <p>б) иммунды</p> <p>в) транзиторлы</p>
<p>Аурудың кезеңдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инкубациялық - продрома - қызу кезең - реконвалесценция 	
<p>Сырқаттың ағымы бойынша (жеңіл, отраша, ауыр).</p>	

Эпидемиялық процестің 2 звеносы.

- Қоздырғыштың берілу механизмі - бұл паразиттің эволюциялық қалыптасқан бір иеден басқа иеге берілу қабілеттілігі.

Берілу механизмі 3 фазамен іске асады:

- ауру адамнан қоздырғыш сыртқы ортаға бөлініп шығуы;
- сыртқы ортада қоздырғыштардың уақытша болуы;
- қабылдағыш организмге енуі.

Берілу механизмінің екінші және үшінші фазасы белгілі бір (немесе бірнеше) фактор арқылы іске асады.

- Берілу жолдары - бұл нақты эпидемиялық жағдайда қоздырғышты бір организмнен екіншісіне жеткізуді қамтамасыз ететін нақты сыртқы орта элементтерін және тасымалдаушыларды (буынаяқтыларды) немесе факторлар жиынтығын айтады.

Берілу жолдар болу мүмкін:

- су жолы;
- тағам жолы;
- тұрмыстық-қатынас жолы;
- парентеральды жолы;
- жыныстық қатынас жолы;
- плацентарлы жолы;
- трансфузия, трансплантация және т.б.

- Берілу факторлары - бұл қоздырғыштың бір организмнен екіншісіне таралуын қамтамасыз ететін сыртқы орта объектілері, элементері және буынаяқтылар.

Берілу факторларына жатады: ауа, топырақ, су, әр түрлі тағамдар, қан, медициналық құрал-жабдықтар, ойыншықтар, лас қол, горшок, сперма, вагинальді бөліністер, үй жабдықтары, қоршаған орта заттары, өндіріс құралдары, буынаяқтылар және т.б.

Л.В. Громашевский қоздырғыш адам ағзасында орналасуына байланысты 4 берілу механизмін анықтады:

- **фекальды-оральды берілу механизмі** - бұл кезде қоздырғыш асқазан-ішекте орналасады (ішек инфекциялар);
- **аэрозольды берілу механизмі** - қоздырғыш тыныс жолдарының кілегей қабатында орналасады (тыныс жолдары инфекциялар);
- **трансмиссивті берілу механизмі** - қоздырғыш қанда, лимфада орналасады (қан инфекциялары);
- **жанасу берілу механизмі** - қоздырғыш көбінесе теріде және сыртқы кілегей қабаттарында орналасады (тері және сыртқы қабат инфекциялары).

- Сонымен қатар вертикальды берілу механизмі анықталады, яғни анадан - ұрыққа қоздырғыштардың берілуі.
- Ауруханаішілік инфекцияларда жасанды немесе артифициальды берілу механизмі де кездеседі.

Фекальды-оральды берілу механизмде берілу факторлар болуы мүмкін:

1. Алғашқы факторлар – бұл берілу механизмінің 1 фазасын қалыптастырған кезде қоздырғыш науқастан бөлініп түскен сыртқы орта объектісі.
2. Соңғы факторлар – бұлар қоздырғыштарды зақымдалған организмге жеткізеді.
3. Аралық факторлар – бұлар қоздырғыштарды алғашқы факторлардан соңғы факторларға жеткізеді.

Схема

нәжіс


топырақ

қол

тағам

су

ауыз



Қолданылған әдебиеттер:

- СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ ҚҰРЫЛЫМЫ
- "паразит", "паразитизм", "паразитарлық жүйе" ұғымдарына анықтама (Ярыгина В.Н.- М.: Высшая школа. 1999. -800 с, Слюсарев А.А., Жукова М.Н. Биология с общей генетикой. К.: - Высшая школа. 1987. - 415 с.).
- популяция эволюциялық процесстің қарапайым ұяшығы ретінде (Ярыгина В.Н.- М.: Высшая школа. 1999. -800 с, Слюсарев А.А., Жукова М.Н. Биология с общей генетикой. К.: - Высшая школа. 1987. - 415 с.).
- облигатты және факультативті паразиттер (сапрофиттер) жұқпалы аурулардың қоздырғыштары ретінде (Коротяев А.И., Бабичев С.А., Медицинская микробиология, иммунология и вирусология.: Специальная литература. 1998. - 580 с.).
- паразит және иесі популяциясының генотиптік және фенотиптік біркелкі еместігі (Коротяев А.И., Бабичев С.А., Медицинская микробиология, иммунология и вирусология.: Специальная литература. 1998. - 580 с.).